# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# Ш Е Ш І М

2025 жылғы 28 сәуір №2301-25-00-2/819 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья А.Е.Султангалиева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Атырау облысы Білім беру басқармасының Махамбет ауданы білім бөлімінің «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мектебі

**ЖАУАПКЕР:**
«Дизайн-Шымкент» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы,
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы,

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

АПК-нің 117, 267-4, 223-226, 229 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

**Ш Е Ш І М Е Т Т І:**

«Атырау облысы Білім беру басқармасының Махамбет ауданы білім бөлімінің «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мектебінің «Дизайн-Шымкент» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және 1 210 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

«Дизайн-Шымкент» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Дизайн-Шымкент» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 210 (бір мың екі жүз он) теңге тұрақсыздық айыбы және 2 002 (екі мың екі) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз,

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 28.04.2025
Заңды күшіне енген күні: 15.05.2025, судья Саудабаев А. Б., 20.05.2025
2301-25-3-1/932

егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істері жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурородың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья к/қ А.Е.Султангалиева
Көшірмесі дұрыс.
Төраға А.Б.Саудабаев
Шешім заңды күшіне 15 мамыр 2025 жылы енді.
Төраға А.Б.Саудабаев

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 28.04.2025
Заңды күшіне енген күні: 15.05.2025, судья Саудабаев А. Б., 20.05.2025
2301-25-3-1/932